

1091 бердегі Рәсім
07.09.2020









**«Basel» Сақтандыру компаниясы АҚ
Директорлар Кеңесімен
БЕКІТІЛДІ**

2020 ж. «16» маусымдағы хаттама

**«Basel» Сақтандыру компаниясы АҚ
Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы
азаматтық-құқықтық жауапкершілігін
Міндетті сақтандыру Ережелері**

Алматы, 2020 ж.

Келісу парағы

	Лауазымы	Тегі, аты-жөні	Қолы	Күні
Келісілді	Басқарма Төрағасы	Абдрахманова Т.Т.		
Келісілді	Басқарма мүшесі – Бас бухгалтер	Капитаненко В.В.		
Келісілді	Басқарма мүшесі – Заң департаментінің директоры	Секерова Ю.Е.		
Келісілді	Статистика бөлімінің бастығы	Чурилова Л.В.		
Келісілді	Залалды ретттеу бөлімінің бастығы	Демиденко О.А.		
Келісілді	Тәуекел менеджері	Журавлева Е.В.		
Келісілді	Комплаенс-бақылаушы	Қойшыбайұлы Қ.		
Келісілді	Ішкі аудит қызметінің төрағасы	Галеев В.В.		
Дайындалды	Сақтандыру және қайта сақтандыру департаментінің директоры	Алтекова Г.Б.		

Директорлар Кеңесі бекіткен кезден бастап қолданысқа енгізілді

Мазмұны

1. Жалпы ережелер
2. Сақтандыру шарты мен оны жасау тәртібі
3. Сақтандыру шартының қолданылуы
4. Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату
5. Сақтанушының міндеттері мен құқықтары
6. Сақтандырушының міндеттері мен құқықтары
7. Жәбірленушінің құқықтары
8. Сақтандыру сыйақысы
9. Сақтандыру жағдайының орын алғандығын, келтірілген залал көлемін және сақтандыру сыйақысын анықтау
10. Сақтандыру төлемін жүзеге асырудың жалпы шарттары
11. Сақтандыру төлемін жүзеге асырудың тәртібі
12. Сақтандыру төлемін төлеуден босату
13. Залал келтірген тұлғаға кері талап қою құқығы
14. Дауларды реттеу ерекшеліктері

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандырудың осы Ережелері (одан әрі – Ережелер) 2003 ж. 1-шілдедегі № 446-ІІ «Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (одан әрі – Заңға) сәйкес даярланды.
- 1.2. Ережелерде қолданылған негізгі түсініктер:
- 1) **жәбірленуші** – тасымалдауды жүзеге асырған кезде өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиян келтірілген тұлға;
 - 2) **жолаушы** – тасымалдаушымен ауызша немесе жазбаша түрде тасымалдау шартын жасасқан жеке тұлға;
 - 3) **жолаушы мүлкі** – тасымалдау кезінде зиян келтірілген болса тасымалдаушы жауап беретін жолаушының жолжүгі және өзімен бірге алып жүретін қол жүгі;
 - 4) **пайда алушы** – осы Заңға сәйкес сақтандыру төлемін алатын тұлға;
 - 5) **сақтандыру жағдайы** – сақтандыру шарты сақтандыру төлемін жүзеге асыруды қарастыратын уақиғанын орын алуы;
 - 6) **сақтандыру омбудсмаы** – Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» Заңына сәйкес сақтандыру нарығы қатысушылары арасындағы келіспеушіліктерді реттеуді жүзеге асыратын өз қызметінде тәуелсіз жеке тұлға;
 - 7) **сақтандыру сомасы** – сақтандыру объектісі сақтандырылған ақша сомасы және сақтандыру жағдайы болған кезде ол Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін көрсетеді;
 - 8) **сақтандыру сыйықысы** – сақтандыру шарты белгілеген көлемде пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндетін алғаны үшін сақтанушы сақтандырушыға төлеуге тиісті ақша сомасы;
 - 9) **сақтандыру төлемі** — сақтандыру жағдайы орын алған жағдайда сақтандыру сомасы шегінде сақтандырушының пайда алушыға төлейтін ақша сомасы;
 - 10) **сақтандырушы** – сақтандыру жағдайы орын алған кезде сақтанушыға немесе пайдасына қарай шарт жасалған басқа тұлғаға (пайда алушыға) шарт белгілеген сақтандыру сомасы шегінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндетті сақтандыру ұйымы ретінде тіркелген және Қазақстан Республикасы аумағында Қазақстан Республикасының заңнамасы белгілеген тәртіпте сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар заңды тұлға;
 - 11) **сақтандырылушы** – оған қатысты міндетті сақтандыру жүзеге асырылатын тұлға;
 - 12) **сақтанушы** – сақтандырушымен сақтандыру шартын жасасқан тұлға. Егер басқадай сақтандыру шартымен қарастырылмаса, сақтанушы бір уақытта сақтандырылған да болып табылады;

- 13) **тасымалдаушы** – темір жол, теңіз, ішкі су, әуе, автокөлік тасымалдау құралын, сонымен қоса қалалық рельстік қатынас жолын меншік құқығы немесе басқа да заңды негізде иеленген және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жолаушыларды және олардың жолжүгін төлемге немесе жалға тасымалдауды жүзеге асыруға құқығы бар жеке немесе заңды тұлға;
 - 14) **тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігі** – Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасы белгілеген жолаушылардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне тасымалдау кезінде келтірілген зиянды өтеу міндеті;
 - 15) **уәкілетті орган** – қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарына мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау жүргізетін мемлекеттік орган;
 - 16) **дерекқорды қалыптастыру және жүргізуді қадағалайтын ұйым** – Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» Заңының және Қазақстан Республикасының сақтандырудың міндетті түрлері бойынша заңнамалық актілерінің негізінде азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандырудың міндетті түрлері бойынша дерекқорды қалыптастыру мен жүргізуді жүзеге асыратын мемлекеттің қатысуы бар бейкомерциялық ұйым;
 - 17) **франшиза** – сақтандырушыны белгілі бір көлемнен аспайтын шығынды өтеуден босату.
- 1.3. Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасы белгілеген тасымалдаушының жолаушыларды тасымалдау кезінде олардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды өтеу міндетімен байланысты мүлктік мүддесі тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру объектісі (бұдан кейін – тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру) болып табылады.
- 1.4. Тасымалдау барысында сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру арқылы жолаушылардың мүлктік мүдделерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандырудың мақсаты болып табылады.
- 1.5. Жолаушыларды және олардың мүлкін темір жол, теңіз, ішкі су, әуе, автокөлік тасымалдау құралы, сонымен қоса қалалық рельстік қатынас жолы арқылы жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының тасымалдаушы-резиденттерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі міндетті сақтандырылуға тиіс.
- 1.6. Жолаушыларды және олардың мүлкін темір жол, теңіз, ішкі су, әуе, автокөлік тасымалдау құралы, сонымен қоса қалалық рельстік қатынас жолы арқылы жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының тасымалдаушы-резиденттерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі міндетті сақтандырылуға тиіс.
- 1.7. Тасымалдаушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігі жолаушыларды және олардың мүлкін тасымалдау үшін пайдаланатын әрбір көлік құралы бойынша сақтандырылуы тиіс.

- 1.8. Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін ерікті сақтандыру шартын жасау тасымалдау жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасау міндетінен тасымалдаушыны босатпайды.
- 1.9. Сақтандырушы Қазақстан Республикасының «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы» Заңында белгіленген тәртіпте Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорымен қатысу шартын жасасты.
- 1.10. Сақтандырушы өзінің қаржы есептемесі мен аудиторлық есебін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіп пен мезгілде мемлекеттік және орыс тілдерінде жариялайды.
- 1.11. Сақтандырушы бәсекелестікті шектеу немесе жоюға, басқа сақтандырушылардың алдында тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасау бойынша негізсіз артықшылықты ұсыну немесе қабылдауға, сақтанушының құқықтары мен заңды мүдделерін шектеуге бағытталған қызметті атқармайды.
- 1.12. Сақтанушыда сақтандырушыны таңдау еркі бар.

2. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫ МЕН ОНЫ ЖАСАУ ТӘРТІБІ

- 2.1. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру Заң және осы Ережелерге сәйкес сақтандырушы мен сақтанушының ортасында жасалған шарт негізінде жүзеге асырылады.
- 2.2. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты моралдық зиянды өтеуді және мүліктің тауарлық құнын жоғалтуын қоса алғанда жәбірленушінің алынбай қалған пайдасын есептемегенде, жәбірленушінің өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірген залал салдарынан туындаған міндеттемелер бойынша, сондай-ақ жәбірленушінің тауарларды жеткізу немесе жұмыс жүргізу (қызмет көрсету) мерзімін сақтамауына, келісімшарт (шарттар) бойынша басқа да міндеттемелерін бұзуымен байланысты айыпақы төлеу шығындары бойынша да сақтандыру төлемін жүргізуді қарастырады.
- 2.3. Сақтандырушының сақтанушымен тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасаудан бас тартуға құқығы жоқ.
- 2.4. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтанушы сақтандыру сыйақысын төлеуге міндеттеледі, ал сақтандырушы сақтандыру жағдайы орын алған кезде пайда алушыға осы Заңмен бекітілген көлемде, тәртіпте және мерзімде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндеттеледі.
- 2.5. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты сақтандырушының сақтандыру полисін электронды нысанда рәсімдеуі арқылы жазбаша түрде жасалады.
- 2.6. Сақтанушының сақтандыру шарттарымен танысқандығы туралы белгісі бар өтініші тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасауға негіз болып табылады.
- 2.7. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында көрсетілуі тиіс жағдайлардың толық еместігі үшін жауапкершілікті

- сақтандырушы көтереді. Жекелеген шарттардың толық еместігі салдарынан тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша туындаған дау сақтанушы пайдасына шешіледі.
- 2.8. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты сақтанушының қалауынша сақтандырушыға жазбаша өтініш беру немесе сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып электрондық нысанда сақтанушы мен сақтандырушы арасында ақпаратпен бөлісу жолымен жасалына алады.
 - 2.9. Сақтандыру полисінде Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 826 бабында айтылған шарттардан басқа сақтандырушының бір сақтандыру жағдайы бойынша шекті жауапкершілігінің көлемі көрсетілуі тиіс.
 - 2.10. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру полисін ресімдеуге қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленеді.
 - 2.11. Егер сақтандырушы тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын сақтанушының (сақтандырылушының) немесе жәбірленушінің жағдайын Заң және осы Ережелер қарастырғанмен салыстырғанда нашарлата түсетін шарттар бойынша жасаса, онда сақтандыру жағдайы туындағанда сақтандырушы Заң және осы Ережелер белгілеген талаптарға сәйкес сақтанушы (сақтандырылушы) немесе жәбірленуші алдында жауапкершілікте болады.
 - 2.12. Тасымалдаушының азаматтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты жолаушылар мен олардың жүгін тасымалдайтын көлік құралын пайдалану барысында қолданыстағы заңнамада қарастырылған міндеттерді Сақтанушы білместіктен бұзу нәтижесінде мүдделеріне залал келтірілген үшінші тұлғалардың (жолаушының) пайдасына жасалған шарт болып табылады.
 - 2.13. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын электронды түрде жасаған кезде сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы) мен сақтандырушы арасында электрондық ақпараттық ресурстармен алмасу үшін сақтандырушының интернет-ресурсы пайдаланылады.
 - 2.14. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасау үшін арызды электронды түрде бергенде сақтанушы мамандырылған бағдарламалық жасақтаманы пайдалануға міндетті емес.
 - 2.15. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын электронды түрде жасайтын сақтандыру ұйымдарының тізімі дерекқорды қалыптастыру және жүргізумен айналысатын ұйымның интернет-ресурсында орналастырылады.
 - 2.16. Сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы) мен сақтандырушы арасында электронды ақпараттық ресурстармен алмасу тәртібі уәкілетті органның нормативті құқықтық актілерімен бекітіледі.

2.17.Сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалану арқылы тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасағанда сақтандырушы келесілермен қамтамасыз етуге міндетті:

- 1) электронды хабарлама түрінде сақтанушыға тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының жасалғандығы немесе оны жасаудан бас тарту (бас тартудың себептерін көрсете отырып) туралы шапшаң түрде ескерту жіберумен;
- 2) сақтанушының дерекқорды қалыптастыру және жүргізумен айналысатын ұйымның ақпараттық жүйесі арқылы тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша ақпаратты тексеру мүмкіндігімен;
- 3) сақтандырушының интернет-ресурсына сақтанушыға тәулік бойы кіруді қамтамасыз етумен электронды түрде тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын сақтаумен;
- 4) төмендегі жағдайлар үшін сақтанушының (сақтандырылушының, пайдаланушының) электронды түрде сақтандырушыға ақпаратты (арыз, ескерту және (немесе) басқа құжаттар, ақпараттарды) құру және жіберу мүмкіндігімен:
 - мәліметтерді өзгерту, тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын қайта рәсімдеу;
 - тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату;
 - сақтандыру жағдайының орын алғандығы туралу ескерту;
 - келтірілген залал көлемін бағалауды жүргізу;
 - сақтандыру төлемін алу.

2.18.Дерекқорды қалыптастыру және жүргізумен айналысатын ұйымнан тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының жасалғандығы туралы хабарлама жіберіледі.

2.19.Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының жасалғандығы туралы хабарламаның тәртібі мен мазмұнына қойылатын талаптар құзыретті органмен анықталады.

2.20.Сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалану арқылы тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасағанда сақтанушы сақтандыру сыйақысын (сақтандыру сыйақысы бөліп төленетін жағдайда бірінші сақтандыру жарнасын) Заңмен және осы Ережелермен белгіленген сақтандыру шарттарымен танысқаннан кейін төлейді. Осы арқылы ол өзінің ұсынылған талаптарда осы шартты жасауға келісімін білдіреді.

2.21.Сақтандырушы өзінің интернет-ресурсын пайдалану арқылы тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасау мүмкіндігін тәулік бойы қамтамасыз етеді.

2.22.Сақтанушы мен сақтандырушы арасында ақпараттық өзара әрекеттестік арқылы сақтандыру шарттарын электронды түрде жасауға арналған сақтандыру ұйымдарының ақпараттық жүйелерін пайдалана отырып

тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасау бойынша сақтандыру агенттерінің қызметіне жол берілмейді.

3. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

- 3.1. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты осы Заңға сәйкес жәбірленуші болып мойындалған барлық тұлғаларға қатысты әрекет етеді.
- 3.2. Сақтанушы сақтандыру сыйақысын төлеген кезден бастап тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады, ал сыйақы бөліп төленген жағдайда – бірінші сақтандыру жарнасы төленгеннен бастап, егер тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты талаптарында басқадай қарастырылмаса.
- 3.3. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты күшіне енген күннен бастап 12 (он екі) ай мерзіміне жасалынады. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты сақтандырудың толық мерзімі бойы әрекет етеді және бірінші орын алған сақтандыру жағдайы бойынша өз әрекетін тоқтатпайды.
- 3.4. Егер тасымалдаушының жолаушыларды және олардың мүлкін тасымалдау құқығы он екі айдан аз уақытты құрайтын кезең ішінде аяқталатын болса, онда тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты тек осы кезеңге ғана жасалады.
- 3.5. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын он екі айдан аз мерзімге жасау сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесінің қатысушысы - ықтиярсыз жабылатын сақтандыру ұйымының кредиторларымен (сақтанушыларымен) жасалатын жағдайда рұқсат етіледі.
- 3.6. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының әрекеті Қазақстан Республикасының аумағымен ғана шектеледі, егер Қазақстан Республикасы жасаған халықаралық шарттар басқадайды қарастырмаса.

4. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН ТОҚТАТУ

- 4.1. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі белгіленген жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылды деп есептеледі.
- 4.2. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату үшін сақтанушы (сақтанушының өлімі жағдайында – оның мирасқоры (мирасқорлары)) сақтандырушыға жазбаша өтініш береді.
- 4.3. Сақтанушы сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатқан кезде және тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандырудың жана шартын бұрынғы сақтандырушымен жасайтын болса келесі формула бойынша есептелетін сақтандыру сыйақысының бір бөлігін қайтарып алуға құқылы:

ЧСП = СП*n/N, бұл жерде:

ЧСП – сақтандырушы ұстап қалатын сақтандыру сыйақысының көлемі (теңгемен);

СП – тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша төленген сақтандыру сыйақысының көлемі (теңгемен);

n – тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты күшіне енген кезден бастап оның мерзімінен бұрын тоқтатылған уақытына дейінгі мерзім, өтініш жасалған күнді қосқанда;

N – тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты жасалған мерзім (күндер).

- 4.4. Осы Ережелердің 4.3. тармағы қарастырған шарттар орындалмаған жағдайда, сақтандырушы тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда сақтандыру сыйақысының бөлігін келесі көлемде ұстап қалуға құқылы:

№ п/п	Сақтандыру шарты күшіне енген кезден бастап оның мерзімінен бұрын тоқтатылған уақытына дейінгі мерзім	Сақтандырушы ұстап қалатын сақтандыру сыйақысының көлемі (жылдық сақтандыру сыйақысынан пайыздық көлемде)
1	1 айды қоса алғанға дейін	20
2	1-ден 2 айды қоса алғанда	30
3	2-ден 3 айды қоса алғанда	40
4	3-тен 4 айды қоса алғанда	50
5	4-тен 5 айды қоса алғанда	60
6	5-тен 6 айды қоса алғанда	70
7	6-дан 7 айды қоса алғанда	75
8	7-ден 8 айды қоса алғанда	80
9	8-ден 9 айды қоса алғанда	85
10	9-дан 10 айды қоса алғанда	90
11	10-нан 11 айды қоса алғанда	95
12	11 айдан артық	100

5. САҚТАНУШЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ МЕН ҚҰҚЫҚТАРЫ

5.1. Сақтанушы құқылы:

- 1) сақтандырушыдан тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттарын, сақтандыру шарты бойынша өз құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;
- 2) жәбірленушінің денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген залал көлемін бағалау үшін тәуелсіз сараптамашының көмегіне жүгінуге;
- 3) сақтандырушы немесе тәуелсіз сарапшы жүргізген, келтірілген залал көлемін бағалау және сақтандыру төлемінің көлемін есептеу нәтижелерімен танысуға;

- 4) тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатуға. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын мәселелерді шешу үшін осы Ережелердің 14 бөлімі қарастырған ерекшеліктерді ескере отырып сақтандырушыға немесе сақтандыру омбудсманға немесе сотқа өтініш беруге;
- 5) өтінішті және оған қосымша құжаттарды сақтандыру омбудсманға (тікелей сақтандыру омбудсманға, соның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы немесе сақтандырушы арқылы, соның ішінде оның филиалы, өкілеттігі арқылы) жолдауға;
- 6) осы Заң қарастырған жағдайларда сақтандыру төлемін алуға.

5.2. Сақтанушы міндетті:

- 1) тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасаған кезде Заңға және осы Ережелерге сәйкес тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартына енгізу үшін қажетті мәліметтерді сақтандырушыға беруге;
- 2) тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты белгілеген көлемде, тәртіпте және мерзімде сақтандыру сыйақысын төлеуге;
- 3) сақтандыру жағдайы орын алғандығы туралы өзіне белгілі болғаннан кейін шұғыл түрде, 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей, қолжетімді әдіспен (ауызша, жазбаша) сақтандыру шарты жасалған сақтандырушыны бұл туралы хабардар етуге. Ауызша берілген мәлімет соңында (жетпіс екі сағат ішінде) жазбаша түрде расталуы керек. Егер сақтанушы мен сақтандырылушы бір тұлға болмаса, онда сақтандырушыны сақтандыру жағдайы туралы хабарландыру міндеті сақтандырылушыға жүктеледі. Егер сақтанушы (сақтандырылушы) дәлелді себеппен аталған іс-әрекетті орындауға мүмкіндігі болмаса, мұны құжатпен растауы керек;
- 4) сақтандыру жағдайы орын алған кезде болуы мүмкін залалдың алдын алу немесе келтірілген залалды азайту үшін қалыптасқан жағдайда дұрыс және қолжетімді шараларды, сондай-ақ мүлікті құтқару бойынша және жәбірленуші тұлғаларға көмек көрсету жөнінде шаралар қабылдауға;
- 5) тиісті органдар мен ұйымдарға, олардың құзіретін негізге ала отырып (жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның бөлімшелеріне, мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарына, жедел медициналық көмек қызметіне, апаттан құтқару қызметіне), сақтандыру жағдайы мен жәбірленуші тұлғалар туралы хабарлауға;
- 6) көліктегі сақтандыру жағдайы туралы акт жасауға;
- 7) сақтандырушыға сақтандыру жағдайының орын алғандығына жауапты тұлғаға кері талап қою құқығының өтуін қамтамасыз етуге.

5.3. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін сақтанушының басқа да міндеттері қарастырылуы мүмкін;

5.4. Ережелердің 5.2. тармағының 4), 5) және 7) тармақшасында көрсетілген сақтанушының міндеттері сақтандыру жағдайы орын алған кезде көлік құралын тікелей жүргізген тұлғаға жүктеледі.

6. САҚТАНДЫРУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

6.1. Сақтандырушы құқылы:

- 1) тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасаған кезде Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі қарастырған мәліметтерден басқа сақтанушыдан осы Ережелерге сәйкес сақтандыру шартына енгізу үшін қажетті мәліметтерді, сонымен қатар бұдан бұрынғы тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттары, сақтандыру жағдайлары мен сақтандыру төлемдері туралы ақпарат беруді талап етуге;
- 2) тиісті мемлекеттік органдардан және ұйымдардан, олардың құзіретін негізге ала отырып, сақтандыру жағдайының болу фактісін және жәбірленушілерге келтірілген залал көлемін растайтын құжаттарды сұратуға;
- 3) көлік оқиғасының себептерін және басқа да мән-жайды анықтау үшін жәбірленушінің бүлінген (жойылған) мүлкіне келтірілген залалды бағалауға;
- 4) сақтандыру жағдайы орын алған кезде жәбірленушінің денсаулығына (немесе) мүлкіне келтірілген залал көлемін және сақтандыру төлемінің көлемін анықтау үшін тәуелсіз сарапшының қызметін пайдалануға;
- 5) Ережелердің 13 бөлімінде қарастырылған жағдайларда сақтандыру жағдайының орын алғандығына жауапты тұлғаға кері талап қою құқығын пайдалануға;
- 6) Ережелердің 12 бөлімінде қарастырылған негіздер бойынша сақтандыру төлемін толық немесе ішінара жүргізуден бас тартуға.

6.2. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына қайшы келмейтін сақтандырушының басқа да құқықтары қарастырылуы мүмкін.

6.3. Сақтандырушы міндетті:

- 1) сақтанушыны (сақтандырылушыны) тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттарымен таныстыруға, сақтандыру шартынан туындайтын тараптардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге;
- 2) тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасағаннан кейін сақтанушыға (сақтандырылушыға) сақтандыру полисін рәсімдеуге;
- 3) сақтандыру жағдайы орын алғандығы туралы хабарлама алғаннан кейін дереу оны тіркеуге;
- 4) сақтандыру жағдайының орын алғандығы туралы хабарлама алғаннан кейінгі жеті жұмыс күні ішінде сақтанушының немесе оның өкілінің өтініші бойынша келтірілген залалдың көлемін бағалауға, сақтандыру төлем көлемінің есебі көрсетілген сақтандыру актісін жасауға және оны танысу үшін пайда алушыға беруге;

- 5) сақтандыру жағдайының орын алу фактісін және сақтандырушы өтеуге тиіс залал көлемін растайтын құжаттар толық болмаған жағдайда, оларды алғаннан кейінгі үш жұмыс күні ішінде жетіспейтін және (немесе) дұрыс рәсімделмеген құжаттардың толық тізімін көрсете отырып бұл туралы арыз берушіні хабарландыруға;
 - 6) сақтандыру жағдайы орын алған жағдайда Заңмен және осы Ережелерде белгіленген көлемде, тәртіпте және мерзімде тиісті сақтандыру төлемін жүзеге асыруға;
 - 7) сақтанушыдан (жәбірленушіден, пайда алушыдан) арыз алған жағдайда сақтанушының (жәбірленушінің, пайда алушының) талаптарын қарастырып, бес жұмыс күні ішінде дауды реттеудің әрі қарайғы тәртібін көрсететін жазбаша жауапты беруге;
 - 8) сақтанушыдан (жәбірленушіден, пайда алушыдан) сақтандыру омбудсменіне жіберілген арызды алған жағдайда сол арызды, сонымен қатар оған қатысты құжаттарды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде сақтандыру омбудсменіне қайта бағыттауға;
 - 9) сақтанушыға (сақтандырылушыға) сақтандыру жағдайы кезінде залалдың алдын алу немесе оны азайту мақсатында көтерген шығындарының орнын толтыруға;
 - 10) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге.
- 6.4. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына қайшы келмейтін сақтандырушының басқа да міндеттері қарастырылуы мүмкін.

7. ЖӘБІРЛЕНУШІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

7.1. Жәбірленуші құқылы:

- 1) сақтанушы (сақтандырылушы) жолаушыларды және олардың мүлкін тасымалдау нәтижесінде орын алған сақтандыру жағдайы жайлы сақтандырушыға хабарлауға;
- 2) сақтанушының (сақтандырылушының) орнына сақтандыру төлемін жүргізу үшін қажетті құжаттарды жинауға және оларды сақтанушы (сақтандырылушы) тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасқан сақтандырушыға тапсыруға;
- 3) денсаулыққа және (немесе) мүлікке келтірілген залалдың көлемін бағалау үшін тәуелсіз сарапшының қызметін пайдалануға;
- 4) сақтандырушы немесе тәуелсіз сарапшы жүргізген келтірілген залал көлемін бағалау нәтижелерімен және сақтандыру төлемі көлемінің есебімен танысуға;
- 5) сақтандыру төлемін Заң мен осы Ережелерде белгілеген көлемде, тәртіпте және мерзімде алуға;
- 6) Ережелердің 14 бөлімінде қарастырылған ерекшеліктерді ескере отырып сақтандырушыға немесе сақтандыру омбудсманға не сотқа тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын мәселелерді реттеу үшін сұраныс жасауға;

- 7) сақтандыру омбудсменге арыз және тіркелмелі құжаттарды жіберуге (тікелей сақтандыру омбудсменге, сонымен қатар оның интернет-ресурсы арқылы, немесе сақтандырушы арқылы, сонымен қатар оның филиалы, өкілдігі арқылы);
- 8) алынған сақтандыру төлемі сомасынан келтірілген залал сомасы артық болған жағдайда тасымалдаушыға келтірілген залалды өтеу туралы талап қоюға.
- 7.2. Осы Заңда қарастырылған жағдайларда Ережелердің 7.1 тармағымен белгіленген жәбірленуші құқықтары пайда алушылар ретінде саналатын басқа тұлғаларға ауысады.

8. САҚТАНДЫРУ СЫЙАҚЫСЫ

8.1. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыруды жүзеге асырған кезде бір көлік құралына қатысты келесідей жылдық сақтандыру сыйақылары анықталады (айлық есептеу көрсеткіштерінде):

№ п/п	Көлік құралының атауы	Жылдық сақтандыру сыйақысының көлемі
1	Автомобильдік	
	1) жеңіл автомобильдер, автобустар, микроавтобустар:	
	4 жолаушы орны бар	3
	4-тен 7-ні қоса алғанда жолаушы орны бар	5
	7-ден 16-ны қоса алғанда жолаушы орны бар	11,5
	16-дан 30-ды қоса алғанда жолаушы орны бар	16
	30-дан жоғары жолаушы орны бар	23
	2) трамвайлар, троллейбустар	7
2	Әуелі	
	1) ұшақтар	
	50 жолаушы орнын қоса алғанда	400
	50-ден 120-ны қоса алғанда жолаушы орны бар	990
	120-дан 200-ге дейін жолаушы орны бар	2180
	200-ден жоғары жолаушы орны бар	3820
3	2) тік ұшақтар	135
	Теңіздік көлік	
	50 жолаушы орнын қоса алғанда	50
	50-ден 100-ге дейін жолаушы орны бар	100
	100-ден жоғары 150-ге дейін жолаушы орны бар	150
4	150-ден жоғары 300-ге дейін жолаушы орны бар	300
	300-ден жоғары жолаушы орны бар	
	Ішкі су көлігі	
	50 жолаушы орнын қоса алғанда	17,5
	Автомобильдік	35

1) жеңіл автомобильдер, автобустар, микроавтобустар:	50
4 жолаушы орны бар	90
4-тен 7-ні қоса алғанда жолаушы орны бар	160

8.2. Теміржолдық тасымалдауды жүзеге асыратын тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйақысының көлемі сақтандыру шартының әрекет ету кезеңінің ішінде Қазақстан Республикасы аумағында тасымалдаушының жолаушыларды және олардың мүлкін тасымалдау бойынша алған (алуы тиіс) жүзеге асыратын қызмет табысынан 0,2 пайызды құрайды, бір айда түскен (түсуі тиіс) табыстан төленетін ай сайынға жарна ретінде төленеді.

8.3. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты он екі айдан аз уақытқа жасалатын болса, сақтандыру сыйақысының келесі көлемі белгіленеді:

№ п/п	Сақтандыру мерзімі	Сақтандыру сыйақысының көлемі (жылдық сақтандыру сыйақысынан пайыз көлемінде)
1	1 айға дейін қоса санағанда	20
2	1-ден 2 айға дейін қоса санағанда	30
3	2-ден 3 айға дейін қоса санағанда	40
4	3-тен 4 айға дейін қоса санағанда	50
5	4-тен 5 айға дейін қоса санағанда	60
6	5-тен 6 айға дейін қоса санағанда	70
7	6-дан 7 айға дейін қоса санағанда	75
8	7-ден 8 айға дейін қоса санағанда	80
9	8-ден 9 айға дейін қоса санағанда	85
10	9-дан 10 айға дейін қоса санағанда	90
11	1 айға дейін қоса санағанда	95
12	1-ден 2 айға дейін қоса санағанда	100

Осы тармақтағы талаптар теміржолдық тасымалдауды жүзеге асыратын тасымалдаушымен жасалған тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартына қолданылмайды.

8.4. Егер тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты сақтандырушының интернет-ресурсы арқылы жасалған болса сақтандырушы өз білгенінше Ережелердің осы бөліміне сәйкес есептелген, төленуі тиіс сақтандыру сыйақысының 10 пайызынан артық емес көлемінде сақтанушыға жеңілдік бере алады. Бұл ретте тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында сақтандыру сыйақысының жалпы көлемі және жеңілдік есептелген (бар болған жағдайда) сақтандыру сыйақысының сомасы қатар көрсетілуі тиіс.

8.5. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты сақтандырушының интернет-ресурсын пайдаланбай басқа жолмен, соның

- ішінде сақтандыру агенттері арқылы жасалған болса, жеңілдік беру мүлдем қарастырылмайды.
- 8.6. Темір жол тасымалын жүзеге асыратын тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты жасалған кезде, Ережелердің 8.2. тармағы қарастырған сақтандыру сыйақысының көлемі, сақтандырушы жүргізген сақтандыру тәуекелін бағалау нәтижелері бойынша артуы мүмкін, бірақ тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының Қазақстан Республикасының аумағы бойынша әрекет ету мерзімі ішінде жолаушыларды және олардың мүлкін тасымалдаудан алынған (алынуы тиіс) табыс сомасының 0,5 пайызынан артық болмайтындай көлемге дейін.
 - 8.7. Темір жол тасымалынан бөлек жолаушы тасымалдаудың басқа түрлерін жүзеге асыратын тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты жасалған кезде Ережелердің 8.1. тармағы қарастырған сақтандыру сыйақысының көлемін сақтандырушы жүргізген сақтандыру тәуекелін бағалау нәтижелері бойынша көтеруі мүмкін, алайда 2 (екі) еседен артық емес көлемде.
 - 8.8. Сақтандыру сыйақысын төлеу тәртібі және мерзімі тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартымен белгіленеді.
 - 8.9. Егер тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартымен сақтандыру сыйақысын бөліп төлеу ескерілсе, сақтанушының кезекті сақтандыру жарнасын төлемеуі, сақтандырушы үшін аталған шартты мерзімінен бұрын тоқтату үшін негіз болмайды.
 - 8.10. Сақтанушы кезекті сақтандыру жарнасын уақытылы төлемеген жағдайда Қазақстан Республикасының 353 бабы белгілеген тәртіпте және көлемде сақтандырушыға айыпақы төлеуі тиіс.
 - 8.11. Сақтандырушы интернет-ресурсы арқылы сақтандыру сыйақысын қолма-қол ақшасыз төлеу мүмкіндігін береді.

9. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ ОРЫН АЛҒАНДЫҒЫН, КЕЛТІРІЛГЕН ЗАЛАЛ КӨЛЕМІН ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ СЫЙАҚЫСЫН АНЫҚТАУ

- 9.1. Жолаушыларды тасымалдау кезінде олардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды өтеу бойынша тасымалдаушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің туындау фактісі тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру жағдайы болып мойындалады.
- 9.2. Жәбірленушінің өміріне және денсаулығына келтірілген залал оның өлімімен, еңбек қабілеттігін уақытша немесе тұрақты жоғалтумен байланысты зиянның материалдық көрінісін де камтиды.
- 9.3. Жәбірленушінің өміріне және денсаулығына келтірілген залал тиісті ұйымдар берген құжаттар негізінде Заңға сәйкес анықталады.
- 9.4. Жәбірленушінің мүлкіне келтірілген залал жолаушының тасымалдау кезінде жоғалған, жетіспейтін, бүлінген (бұзылған) мүлкінің,

тасымалдаушы тасымалдауға қабылдап алған (жол жүк) және (немесе) жолаушы жанындағы мүліктің құнын қамтиды.

- 9.5. Тасымалдаушының кінәсі үшін жол жүктің және (немесе) жолаушының жанындағы заттардың жоғалуы, жетіспеуі және (немесе) бүлінуі (бұзылуы) жағдайында келтірілген залал көлемі төменде көрсетілгендей анықталады:
- 1) жол жүктің және (немесе) жолаушы жанындағы заттардың жоғалуы немесе жетіспеуі жағдайында – жоғалған немесе жетіспейтін жол жүктің және (немесе) жолаушы жанындағы заттардың құны көлемінде;
 - 2) жол жүктің және (немесе) жолаушы жанындағы заттардың бүлінуі жағдайында – олардың құнының түскен сомасы көлемінде, ал бүлінген жол жүкті, сондай-ақ жолаушы қасындағы заттарды қалпына келтіру мүмкіндігі болмаған жағдайда – олардың құны көлемінде;
 - 3) құндылығы көрсетілген тасымалдауға өткізілген жол жүк жоғалған жағдайда – жол жүктің көрсетілген құны көлемінде.
- 9.6. Сақтандыру жағдайының орын алғандығын және тасымалдау кезінде жолаушылар мүлкіне келтірген залал көлемін дәлілдеу сақтанушыға (сақтандырылушыға) жүктеледі.
- 9.7. Сақтандыру жағдайының орын алуы нәтижесінде келтірілген залал көлемін сақтанушының немесе оның өкілінің жазбаша арызы бойынша сақтандырушы анықтайды.
- 9.8. Егер сақтанушы (сақтандырылушы) немесе жәбірленуші сақтандырушы немесе тәуелсіз сарапшы жүргізген мүлікке келтірілген залал көлемін бағалау нәтижелерімен келіспеген жағдайда, залал көлемін бағалау үшін басқа тәуелсіз сарапшыға жүгінуге құқылы. Сонымен сақтанушы (сақтандырылушы) немесе жәбірленуші көтерген шығындар сақтандыру төлемінің жүзеге асырылуына байланыссыз сақтандырушымен өтелуге тиіс, егер сақтандырушы жүргізілген бағалауды мойындаса немесе сот оны дәлелді және әділ деп анықтаса.
- 9.9. Егер сақтандырушы немесе тәуелсіз сарапшы сақтандыру жағдайы орын алғандығы туралы хабарлама алғаннан кейін жеті жұмыс күні ішінде жоғалған, жетіспейтін және (немесе) бүлінген (бұзылған) мүлікке қажетті тексеріс жүргізбесе және сақтандыру актісін жасай отырып мүлікке келтірілген зиян көлемін бағалауды жүзеге асырмаса, сақтанушы (сақтандырылушы) немесе жәбірленуші тәуелсіз сарапшы қызметін пайдалануға және мүлікті қалпына келтіруді (утилизациялауды) бастауға құқылы. Бұл ретте сақтандырушының мүлікке келтірілген залал көлемін бағалау нәтижелеріне қарсылық білдіруге құқығы жоқ, егер бүлінген (жойылған) мүлікті уақытылы бағалау мүмкіндігінің болмауы дәлелді себептерге (аталған мүлік иесінің өлімі, дертке шалдығуы) байланысты екенін немесе сақтанушының (сақтандырылушының) немесе жәбірленушінің мүлікті бағалауға беруден жалтару кінәсі себебінен екендігін дәлелдеп бермесе.
- 9.10. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында сақтандырушының бір сақтандыру жағдайы бойынша жауапкершілігінің

шекті көлемі (сақтандыру сомасы) бөлек көрсетілуі тиіс және келесі көлемнен аз болмауы керек (айлық есеп көрсеткішімен):

Әрбір жәбірленушінің өміріне және денсаулығына келтірілген залал:

- қазаға ұшыратқан үшін - 5 000;
- мүгедектік тағайындау:
 - I топ - 5 000,
 - II топ - 3 500,
 - III топ - 2 500;
- бала-мүгедек - 5 000;
- мүгедектік тағайындалмай жарақат алу, зақымданып қалу немесе денсаулыққа келтірілген басқа да теріс әсерлер – амбулаторлық және стационарлық ем алуға кеткен нақты шығын көлемінде, бірақ 200-ден артық емес;
- әрбір жәбірленушінің мүлкіне келтірілген залал үшін – келтірілген залал көлемінде, бірақ 250-ден артық емес.

9.11. Жәбірленушінің өміріне және денсаулығына келтірілген залал салдарынан қаза болу немесе мүгедектік алуға әкеп соқтырған жағдай үшін осы Ережелердің 9.10. тармағы белгілеген, сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлеміндегі төлем жүзеге асырылады. Тасымалдау барысында жолаушының өміріне және денсаулығына келтірілген залал үшін сақтандыру төлемі тасымалдаушының кінәлі болу болмауына қарамай өтелуге тиіс.

9.12. Сақтандыру төлемінің көлемін есептеу үшін сақтандыру төлемінің күніне дәл келетін Қазақстан Республикасының заңнамалық актісіне сәйкес белгіленген айлық есептік көрсеткіш қолданылады.

9.13. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша франшиза бір сақтандыру жағдайы және әрбір жәбірленуші бойынша айлық есептік көрсеткіштің бес еселік көрсеткішін құрайды. Егер келтірілген залал көлемі белгіленген франшиза көлемінен артық болса, сақтандыру төлемі толық көлемде жүзеге асырылады. Жәбірленушінің өміріне және денсаулығына келтірілген залал үшін сақтандыру төлемі франшизаны қолданбай жүзеге асырылады.

9.14. Сақтанушы (сақтандырылушы) залалды болдырмау немесе азайту мақсатында көтерген шығындар сақтандырушымен өтелуі тиіс, егер мұндай шығындар қажетті болса немесе сақтандырушының нұсқаулығын орындау үшін жасалынған болса, тиісті шаралардың сәтсіз болуына қарамастан. Мұндай шығындар нақты көлемде өтеледі, сонымен бірге сақтандыру төлемі мен шығындар өтемінің жалпы сомасы тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты белгілеген сақтандыру сомасынан артпауы тиіс. Егер шығындар сақтанушының сақтандырушының нұсқаулықтарын орындау барысында орын алса, олар сақтандыру сомасына қатыссыз толық көлемде өтеледі. Көрсетілген шығындарды сақтандырушы оларды көтерген тұлғаға тікелей төлейді.

- 9.15. Келтірілген залалды толық өтеу үшін сақтандыру сомасы жеткіліксіз болған жағдайда тасымалдаушы жәбірленушіге сақтандыру сомасы мен залалдың нақты көлемі ортасындағы айырманы ғана өтейді.
- 9.16. Жәбірленуші қаза болған жағдайда жәбірленушіні жерлеуді жүзеге асырған тұлғаға сақтандырушы жүз айлық есептік көрсеткіш көлемінде жерлеуге кеткен шығындарын төлеп береді.

10. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ЖАЛПЫ ШАРТТАРЫ

- 10.1. Сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы талап, сақтандыру төлемін жасау үшін қажетті құжаттарды қоса тіркей отырып, жазбаша түрде сақтанушымен (сақтандырылушымен) немесе пайда алушы болып табылатын басқа тұлғамен қойылады. Арыз берушінің қалауы бойынша сақтандыру төлемі жайында талап сақтандыру төлемін жасау үшін қажет электронды көшірме немесе электронды құжаттарды қоса отырып электронды түрде қойылуы мүмкін. Дегенмен сақтандыру төлемі жайында талапты электронды түрде қою арыз берушіні сақтандырушының мекен-жайы бойынша оған құжаттардың түпнұсқасын ұсынудан босатпайды.
- 10.2. Сақтандыру төлемі туралы арызға келесі құжаттар тіркеледі:
- 1) сақтандыру жағдайының болу фактісін және жәбірленушілерге келтірілген залал көлемін растайтын құжат;
 - 2) тасымалдаушы жасаған, көліктегі сақтандыру жағдайы туралы акт;
 - 3) жол жүру билеті немесе оны ауыстыратын құжат (билет сату тізімдеменің немесе тасымалдаушы растаған билет түбіртегінің көшірмесі) – тасымалдаушыға билет берілген болса немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы белгілеген тәртіпте рәсімделген куәлік жауаптар;
 - 4) денсаулық сақтау ұйымдарының уақытша еңбекке қабілетсіздік анықтамаларының көшірмесі немесе мамандырылған мекемелердің жәбірленушіге мүгедектікті анықтау туралы анықтамалары – мүгедектік анықталған жағдайда;
 - 5) жәбірленушінің өлімі туралы куәліктің нотариалды расталған көшірмесі және пайда алушының залалдың өтелуіне құқығын растайтын құжат (көшірме) – жәбірленушінің өлімі жағдайында;
 - 6) жәбірленушінің жоғалған, жетіспеген немесе бүлінген (зақымдалған) мүлкінің тізімі – мүлікке залал келтірілген жағдайда;
 - 7) сақтандыру жағдайы кезінде залалдың алдын алу немесе оны азайту мақсатында сақтанушы (сақтандырылушы) көтерген шығындарды растайтын құжаттар – олар болған жағдайда. Сақтандырушының сақтанушыдан (сақтандырылушыдан) немесе жәбірленушіден қосымша басқа құжаттарды сұрауына рұқсат берілмейді.
- 10.3. Көлікте орын алған сақтандыру жағдайы туралы тасымалдаушы жасаған акт келесі мәліметтерді қамтуы тиіс:
- 1) жәбірленушінің тегі, аты, әкесінің аты;

- 2) көлік түрі;
- 3) рейс нөмірі, поезд нөмірі, кемеңің аты және т.б.;
- 4) жүріс маршруты;
- 5) жәбірленушіде бар жол жүру билетінің сериясы және нөмірі;
- 6) сақтандыру жағдайы болған орын, күн және уақыт;
- 7) жәбірленушінің өміріне және денсаулығына келтірілген зақым сипаттамасы;
- 8) жәбірленушінің мүлкіне келтірілген зақымның сипаттамасы;
- 9) сақтандыру жағдайының мән-жайын қысқаша баяндау;
- 10) тергеуді жүзеге асыратын уәкілетті органның атауы;
- 11) жәбірленуші жіберілген медициналық мекеменің атауы және орналасқан жері;
- 12) көлік ұйымының немесе көлік құралы басшысының тегі, аты, әкесінің аты және қолы;
- 13) тергеуді жүзеге асырып отырған құзіретті орган өкілінің тегі, аты, әкесінің аты және қолы;
- 14) жеке кәсіпкерлік субъектілерін есптемегенде тасымалдаушының мөрі.

10.4. Құжаттарды қабылдап алған сақтандырушы арыз берушіге ұсынылған құжаттардың толық тізімі және оларды қабылдап алған күн көрсетілген анықтаманы беруге міндетті. Егер сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы) сақтандыру төлемі туралы талапты электронды түрде жіберген болса, сақтандырушы аталған анықтаманы электронды түрде бере алады;

10.5. Жәбірленуші (оның қазасы жағдайында Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жәбірленушінің қазасына байланысты зиянның өтелуіне құқығы бар тұлға), сонымен қатар сақтанушы (сақтандырылушы) немесе жәбірленушіге (залалдың өтелуіне құқығы бар тұлғаға) осы Заң белгілеген сақтандырушы жауапкершілігінің көлемі шегінде келтірілген залалды қайтарған және сақтандыру төлеміне құқық алған басқа тұлға пайда алушы болып табылады.

10.6. Жәбірленушінің өміріне және денсаулығына келтірілген залал бойынша сақтандыру төлемі басқа сақтандыру шарттары бойынша тиісті сомалардан бөлек жүзеге асырылады;

10.7. Жәбірленушінің жазбаша түрде рәсімделген арызы немесе нотариалды расталған сенімхаты бойынша сақтандыру төлемі оған денсаулықты және (немесе) мүлікті қалпына келтіру бойынша қызмет көрсеткен (көрсететін) тұлғаға тікелей беріле алады.

10.8. Сақтандыру төлемін жүзеге асырғанда сақтандырушының пайда алушыдан оның сақтандырушыға талап қою құқығын шектейтін шарттарды қабылдауын талап етуге құқығы жоқ.

11. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ТӘРТІБІ

11.1. Сақтандыру төлемі Ережелердің 10 бөлімінде қарастырылған құжаттарды алған күннен кейінгі жеті жұмыс күні ішінде сақтандырушымен жүргізіледі.